

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 15 маусымдағы № 5/16 шешімі. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы № 13/16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы № 13/16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 5-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса берілген "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесі бекітілсін.

2. Осы шешім қабылданған сәттен бастап күшіне енеді.

Жамбыл ауданы мәслихаты сессиясының төрағасы

B. Волков Жамбыл ауданы
мәслихатының хатшысы Л.
Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2021 жылғы 15 маусымдағы
№ 5-16 шешімімен
бекітілген

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 33-бабы 5-тармағына,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2018 жылдың 16 қаңтарындағы № 13 "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді және "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихаты аппаратының басшысы;

2) жоғары тұрған басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының хатшысы;

3) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, "Б" корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, "Б" корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

4) жеке жұмыс жоспары – "Б" корпусы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

5) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

6) мінез-құлық индикаторы – "Б" корпусы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы;

3. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

4. Қызметшінің нақты лауазымға келу мерзімі, соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, үш айдан кем болған жағдайда, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде "Б" корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кіріскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихаты хатшысымен Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы ауданы мәслихатының аппараты (бұдан әрі – Мәслихат аппараты) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады. Комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) НМИ жетістікерін бағалау;
- 2) "Б" корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелебе, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан тәмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері "Б" корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелебе, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан тәмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының аппараты мәслихат хатшысының ұйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісінде бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

2. НМИ анықтау тәртібі

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ тікелей басшымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. Жеке жұмыс жоспары жоғары тұрған басшы – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының хатшысымен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарды жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

1)нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

2)өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

3)қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

4)уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5)мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары мәслихат аппаратында мәслихат хатшысының ұйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісінде сақталады.

3. НМИ жетістігін бағалау тәртібі

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қортындысы бойынша тікелей басшы "Б" корпусының бағалауға жататын қызметшісіне НМИ-ге жеткізу және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парагын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіpte жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда "өте жақсы" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда "тиімді" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда "қанағаттанарлық" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парагы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

20. Тікелей басшының бағалау парагы жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

21. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау парагын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) бағалаумен келісу;

2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парагы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парагын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

24. Жоғары тұрган басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін мәслихат хатшысының ұйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

4. Құзыреттерді бағалау тәртібі

25. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парағы толтырылады.

26. Бағалау парағын толтыру барысында әр құзырет бойынша "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикаторларының саны 10-нан аспайды.

27. Қызметші құзыретінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіпте анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4 немесе одан көбі байқалған жағдайда "күтілген нәтижеге сәйкес" бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4-нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша "күтілген нәтижеге сәйкес емес" бағасы қойылады.

28. Тікелей басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін мәслихат хатшысының ұйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

5. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарау және бағалау нәтижесіне шағымдану

29. Мәслихат хатшысының ұйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісі Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның төрағасын не мүшесін алмастыру Комиссияны құру туралы өкімге өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Комиссияның хатшысы мәслихат хатшысының үйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісі болып табылады. Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Мәслихат хатшысының үйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісі Комиссия төрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізуін қамтамасыз етеді.

36. Мәслихат хатшысының үйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісі Комиссияның отырысына келесі құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын.

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) бағалау нәтижелерін бекіту;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарау.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың "Бағалау нәтижелері Комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)" графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері үәкілетті тұлғамен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Мәслихат хатшысының үйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісі "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, мәслихат хатшысының үйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісімен және мемлекеттік мекеменің басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

42. "Б" корпусы қызметшісінің танысадан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі болмайды. Бұл жағдайда мәслихат хатшысының үйымдастыру және кадрлық мәселелер бойынша көмекшісімен "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесі мемлекеттік органның инTRANET-порталы арқылы жолданады.

43. "Б" корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда немесе оның аумақтық департаментінде шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) мемлекеттік органға Комиссия шешімін жойып, "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;

2) "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

44. "Б" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

"Солтүстік Қазақстан облысы

Жамбыл ауданы мәслихатының

аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін

бағалаудың әдіstemесіне

1-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Жоғары тұрған басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

куні _____

қолы _____

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

_____ жыл (жеке жоспар құрастырылатын кезең)

Қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Қызметшінің лауазымы: _____

Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: _____

№ п/п	Нысаналы максатты индикаторлар дың атауы	"Б" корпусы қызметшісі келісімінің қ а й корсеткішінен немесе мемлекеттік жоспарлау	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Кол жеткізу мерзімдері	
----------	---	--	---------------	------------------	---------------------------	--

жүйесінің құжатынан түйінделеді	Түйінді нәтиже*
---------------------------------------	--------------------

* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін он өзгерістер
Кызметши Тікелей басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____
қолы _____

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____
қолы _____

"Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
аппараты" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік
әкімшілік қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдіstemесіне

2-қосымша

Нысан
"БЕКІТЕМІН"
Жоғары тұрган басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____
қолы _____

НМИ бойынша бағалау парагы

_____ (T.A.Ә.,
бағаланатын тұлғаның лауазымы) _____ (
бағаланатын кезең)

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторларды н атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке қол ж е т т і / көрсеткішке қол жетпеді
----------	--	---------------	---------------	------------	--

Бағалау нәтижесі _____ (
қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)
Кызметши Тікелей басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____
қолы _____

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____
қолы _____

"Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
аппараты" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік
әкімшілік қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдіstemесіне

3-қосымша

Нысан

Құзыреттер бойынша бағалау парагы

жыл (бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Бағаланатын қызметшінің лауазымы:

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы:

№ р/с	Құзыреттер атауы	Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Қызметшіде байқамаган мінез-құлық индикатор атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Қызметті басқару		
2	Ынтымақтастық		
3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Қызметті тұтынушыға бағдарлану*		
7	Қызметті тұтынушыларды хабарландыру*		
8	Адалдық		
9	Жауапкершілік		
10	Бастамашылдық		
11	Стресске орнықтылық		

*Лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жатпайтын "Б" корпусының мемлекеттік қызметшілері "Қызметті тұтынушыға бағдарлану" және "Қызметті тұтынушыларды хабарландыру" құзыреттері бойынша бағаланбайды.

Қызметші

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____

қолы _____

Тікелей басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____

қолы _____

"Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
аппараты" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік
екімшілік қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдістемесіне

Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

Құзыреттер атауы	Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
Қызметтік басқару	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	<p>Бөлімшениң қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді; Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарлайды және үйымдастырады, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді;</p> <p>Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметтіне бақылау жүргізеді;</p> <p>Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етеді.</p>	<p>Бөлімшениң қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді;</p> <p>Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарламайды және үйымдастырмайды, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді;</p> <p>Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді;</p> <p>Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді.</p>
	E-3, E-4	<p>Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен қояды;</p> <p>Басшылыққа сапалы құжаттар дайындауды және енгізеді;</p> <p>Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады;</p> <p>Белгіленген мерзімдерді сақтайды.</p>	<p>Тапсырмаларды жүйесіз орындауды;</p> <p>Сапасыз құжаттар өзірлейді;</p> <p>Жедел жұмыс жасамайды;</p> <p>Белгіленген мерзімдерді сақтамайды.</p>
		<p>Ұжымда сенімді қарым-қатынас орнатады;</p> <p>Бөлімшениң қоғаммен тиімді жұмысын үйымдастыру бойынша ұсыныс жасайды;</p>	<p>Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады;</p> <p>Бөлімше және қоғаммен тиімді жұмыс үйымдастыру бойынша ұсыныс жасамайды;</p>

	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптерімен тәжірибесімен және біліммен бөліседі; Әрқайсының нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтайды.	Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптерімен тәжірибесімен және біліммен бөліспейді; Бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтамайды.
Шешім қабылдау	E-3, E-4	Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптеріне жүгінеді; Мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптерімен қарым-қатынасты дамытады; Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындаиды.	Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптеріне жүгінбейді; Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптерімен өзара әрекеттеспейді; Әріптерімен мәселелерді талқыламайды.
	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	Бөлімше қызметін ұйымдастыруды тапсырмаларды дұрыс бөле алады; Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады; Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылайды; Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескере отырып, мүмкін болатын қауіптерді талдайды және болжамдайды; Мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескере отырып, құзыреті шегінде шешім қабылдайды.	Бөлімше қызметін ұйымдастыруды тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды; Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды сирек ұйымдастырады; Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді; Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауіптерді талдамайды және болжамдайды; Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескермейді.
		Қажетті мәліметтерді таба алады; Мүмкін болатын қауіптерді ескере отырып	Қажетті мәліметтерді таба алмайды; Мүмкін болатын қауіптерді ескермейді немесе мәселелерді

	E-3, E-4	, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; Өзінің пікірін негіздей алады.	ш е ш у д і н альтернативасын ұсынбайды; Негіzsіз пікір білдіреді.
Жеделділік	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарайды және басшылыққа енгізеді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты жақсарту бойынша уақтылы шаралар қабылдайды; Өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді.	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізбейді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және жұмысты жақсарту бойынша шаралар қабылдамайды; Болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды.
	E-3, E-4	Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; Оларды енгізуінде жаңа бағыттары мен әдістерін үйренеді; Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылайды; Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді.	Жұмыстың колданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады; Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды ; Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді.
Өздігінен даму	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; Мақсатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар қабылдайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды қажет ететін құзыреттерді талқылайды .	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; Мақсатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды.
		Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады;	Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды;

	E-3, E-4	<p>Өзіндігінен дамуға үмтұлады, жаңа ақпараттар мен оны қолданудың әдістерін ізденеді;</p> <p>Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жаңа дағдыларды қолданады.</p>	<p>Өзіндігінен дамуға үмтүлмайды, жаңа ақпараттар мен оны қолдану әдістерімен қызықпайды;</p> <p>Өзінде бар дағдылармен шектеледі.</p>
Қызметті тұтынушыға бағдарлану	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	<p>Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды үйымдастырады және туындаған мәселелерді шешеді;</p> <p>Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасайды;</p> <p>Қызмет көрсетудің сапасын бақылайды, сондай-ақ жеке үлгі болу арқылы көрсетеді.</p>	<p>Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды үйымдастырмайды және туындаған мәселелерді шешпейді;</p> <p>Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасамайды;</p> <p>Сапасыз қызмет көрсетуге жол береді, қызықпаушылық білдіреді.</p>
	E-3, E-4	<p>Сыпайы және тілеквестікпен қызмет көрсетеді;</p> <p>Қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдірудің жөнінде ұсыныстар енгізеді;</p> <p>Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді.</p>	<p>Қызмет алушыға дөрекілік және немқұрайлылық білдіреді ;</p> <p>Тұтынушының сұраптары мен мәселелеріне мән бермейді;</p> <p>Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды.</p>
Қызметті тұтынушыларды хабарландыру	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	<p>Бағыныстағыларды қызмет алушыларды қолжетімді ақпараттандыруға бағдарлайды;</p> <p>Тұтынушыға ақпараттарды құрметпен және игілікпен жеткізеді;</p> <p>Қ ы з м е т тұтынушыларының пікірін құрметтейді.</p>	<p>Бағыныстағылармен қызмет алушыларды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбейді;</p> <p>Тұтынушыға ақпараттарды жеткізбейді немесе немқұрайлы және жақтырмай жеткізеді;</p> <p>Қ ы з м е т тұтынушыларының пікірін елемейді.</p>
		<p>Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін қолданады;</p>	<p>Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін қолданады;</p> <p>Тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша</p>

	E-3, E-4	Тұтынушыға ақпаратты қолжетімді аузыша және жазбаша түрде жеткізеді; Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алады.	түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді; Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алмайды.
Адалдық	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сақталуын бақылайды; Ұжымның мүддесін өз мүддесінен жоғары қояды; Жұмыста табандылық танытады; Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады; Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділліктілік принциптерін сактауды қамтамасыз етеді; Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады.	Ұжымда белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың орын алуына жол береді; Өз мүддесін ұжым мүддесінен жоғары қояды; Жұмыста табандылық танытпайды; Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды; Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділліктілік принциптерін сактауды қамтамасыз етпейді.
	E-3, E-4	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай кел мейтін мінез-құлықтар танытады ; Озінің жұмысын адаптацияда барысында неміс-құрайлылық білдіреді ; Озін адальсыз, шамданған және басқаларға дөрекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады.	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай кел мейтін мінез-құлықтар танытады ; Озінің жұмысын орындау барысында неміс-құрайлылық білдіреді ; Озін адальсыз, шамданған және басқаларға дөрекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады.
	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	Күрылымдық бөлімшегін қызметтін	Күрылымдық бөлімшениң қызметтін үйимдастыру жауапкершілігін басқа

Жауапкершілік		ұйымдастыруды жеке жауапкершілігіне алады.	лауазымды тұлғаға артады.
	E-3, E-4	Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады.	Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғаға артады
Бастамашылдық	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	Қызмет тиімділігін жогарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді.	Қызмет тиімділігін жогарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдамайды және енгізбейді.
	E-3, E-4	Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындаиды.	Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындаиды.
Стресске орнықтылық	E-2 (мәслихат аппаратының басшысы)	Сынга сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шараптар қабылдайды.	Сынга сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шараптар қабылдамайды.
	E-3, E-4	Сынга сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шараптар қабылдайды.	Сынга сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шараптар қабылдамайды.

"Солтүстік Қазақстан облысы
 Жамбыл ауданы мәслихатының
 аппараты" коммуналдық мемлекеттік
 мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік
 әкімшілік қызметшілерінің қызметін
 бағалаудың әдістемесіне
 5-қосымша
 Нысан
 "БЕКІТЕМІН"
 Лауазымды тұлға

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
 күні _____
 қолы _____

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

_____ ()
мемлекеттік органның атауы) _____

(бағалау мерзімі жыл)

Бағалау нәтижелері

№ р/с	Қызыметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				
...				

Комиссия қорытындысы:

Тексерілді:

Комиссияның хатшысы: _____ Күні: _____ (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы)

Комиссияның төрағасы: _____ Күні: _____ (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы)

Комиссияның мүшесі: _____ Күні: _____ (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы)